

ТІЛАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ, ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ЖИНАҒЫ

ТІЛАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ, ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ЖИНАҒЫ



Астана

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ТІЛАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ, ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ЖИНАҒЫ

Астана, 2023

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 93

Рецензенттер:

Исина Г.И., филология ғылымдарының докторы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры

Кугунуров В.В., филология ғылымдарының кандидаты Ресей Сол-Түстік Федералды университетінің профессоры

Ерік Г., PhD, Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы

Т93 Тіларалық интеграция, лингвистикалық және лингводидактикалық зерттеулердің мәселелері. Халықаралық ғылыми конференция жинағы. Ғылыми редактор– ф.ғ.д., проф. А.Е.Бижкенова. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2023. – 343 б.

ISBN 978-601-337-925-8

Жинаққа «Тіларалық интеграция, лингвистикалық және лингводидактикалық зерттеулердің мәселелері» атты 2023 ж. 8 желтоқсанында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде М.К. Аммосов атындағы Ресейдің Сол-Түстік Федералды университетімен бірігіп өткізген халықаралық ғылыми конференцияның баяндамалар кіргізілді. Мәтіндер авторлық жазбаларына сәйкес өзгертусіз беріліп отыр.

ISBN 978-601-337-925-8

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

ТІЛАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР МЕН ЗАМАНАУИ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Бижкенова А.Е., Сабитова Л.С. ПРОЦЕССЫ И РЕЗУЛЬТАТЫ ЯЗЫКОВЫХ КОНТАКТОВ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	8
Булатбаева К.Н., Смагулова М.Г. ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА	13
Свистун Т.И. ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ МЕТОДЫ В ОБУЧЕНИИ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ	21
Федорова Е.П. ИССЛЕДОВАНИЕ ДРЕВНИХ ПЛАСТОВ ЛЕКСИКИ В ЦЕЛЯХ ВОЗРОЖДЕНИЯ И СОХРАНЕНИЯ ЯЗЫКОВ И КУЛЬТУР ЭТНОСОВ (НА ПРИМЕРЕ ТЕРМИНОВ РОДСТВА И СВОЙСТВА ЯКУТСКОГО ЯЗЫКА)	17
Каскабаева Р.К. ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В СОДЕРЖАНИИ ОБРАЗОВАНИЯ В СИСТЕМЕ «ШКОЛА-ВУЗ» ПРИ ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ	24
Әбдіқадырова А.Қ., Кузембекова Ж.Ж. GLOBALIZATION AND WORLD CULTURE: ANGLICIZATION OF THE YOUTH LANGUAGE	26
Абилкасымова А.А. ТРАНСЛИНГВИЗМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛДЕР	30
Афонская М.Н. ОСОБЕННОСТИ ОНОМАТОПОЭТИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ КОРЕЙСКОГО ЯЗЫКА (НА МАТЕРИАЛЕ ВЕБТУНА)	35
Бейсенова М.К., Кенжетева Г.К., Василева Г.К. ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АНГЛИЦИЗМОВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ (НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИАДИСКУРСА)	40
Бисенбиева Р.С., Дуйсекова К.К. РОЛЬ ФРАНЦУЗСКОГО ЯЗЫКА В ПОЛИЯЗЫЧНОМ ОБЩЕСТВЕ В СВЕТЕ НОВОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ПАРАДИГМЫ	45
Botbay G.Kh. BILINGUALISM AND THIRD LANGUAGE ACQUISITION: A MULTILINGUAL REVIEW	50
Бубякина Н.Е., Николаев А.И. ИНТЕГРАЦИЯ ЯКУТСКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ В ЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС: ПЕРСПЕКТИВЫ БИЛИНГВИЗМА	54
Жұмәділова Ә.Е. LINGUISTIC FEATURES OF THE NAMES OF DISHES IN ENGLISH ON RESTAURANT WEBSITES	56
Лешкевич И.В. АНАЛИТИЧНОСТЬ СОВРЕМЕННЫХ МЕДИАТЕКСТОВ (НА МАТЕРИАЛЕ БРИТАНСКИХ СТАТЕЙ)	61
Макарова М.Ф., Ефимова С.К. ХАРАКТЕРИСТИКА ЯПОНСКОГО СПОРТИВНОГО ДИСКУРСА НА МАТЕРИАЛЕ ГАЗЕТНЫХ СТАТЕЙ	66
Нуркасымова А.Ж. FORMATION OF LINGUISTIC IDENTITY IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION	70
Nurgaliyeva S.Ye. DUBBING OF DISNEY CARTOONS INTO KAZAKH LANGUAGE	74

Омарова А., Султанбекова С.А. СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОТАББРЕВИАТУРНЫХ ОБРАЗОВАНИЙ В РУССКОМ И АНГЛИЙСКИХ ЯЗЫКАХ	76
Торотоева А.М. МУЛЬТИЛИНГВИЗМ В ГЛОБАЛИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССАХ	82
Ушницкая В.В. К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ИСКУССТВЕННОГО МНОГОЯЗЫЧИЯ (БИЛИНГВИЗМА) И СОПОСТАВИТЕЛЬНОГО АНАЛИЗА ЯЗЫКОВЫХ СИСТЕМ	85
Федорова А.А., Григорьева А.А. ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНО-ОКРАШЕННОЙ ЛЕКСИКИ В СОВРЕМЕННОМ КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ (НА МАТЕРИАЛЕ СЕРИАЛА «致我们单纯的小美好»)	89

Екінші бөлім

ЛИНГВИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аубакирова М.А. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДІНИ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЛЕКСИКА	94
Байдильдина А., Жумаиева А. CHARACTERISTICS OF DISCOURSE AS CATEGORY OF LINGUISTICS	98
Бахытқызы Д., Кенжетасева Г.К. ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ	100
Бегетасева Г.М., Исмагулова Г.К. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ҚАМТИТЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	103
Beisembayeva G.Z., Issabergenova Zh.T. COGNITIVE SKILLS IN ENGLISH LANGUAGE LEARNING THROUGH AUTHENTIC PROFESSIONAL-ORIENTED TEXTS	106
Васильев В.В. THE STATISTICAL STUDY OF SELECTIONAL PREFERENCE AND LEXICAL ASSOCIATIONS IN THE USE OF THE SEMANTICALLY RELATED ADJECTIVES «BIG» AND «GREAT»	109
Давлетова С.Е. ТОПОНИМИКАДАҒЫ ВЕРНАКУЛЯРЛЫҚ МӘНМӘТІН	112
Даулеткереева Д.Г., Дүйсекова К.К. WEDDING/ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ ҰҒЫМЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ШОЛУ	115
Дауренбекова Э. К., Диханбаева М.А. ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	119
Дүйсенбекова А.Н., Кенжетасева Г.К. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ	122
Егорова А.С. СОВРЕМЕННЫЕ НЕОЛОГИЗМЫ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА	125
Есимова А.К. ҚАЗІРГІ МЕДИА ДИСКУРС: МАЗМҰНЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	128
Yesbolgan A.A. UNDERSTANDING THE COMPLEXITIES OF HOMONYMS IN ENGLISH LANGUAGE	131
Zhailaubay S.S. UNVEILING THE POWER OF NAMES: EXPLORING THE ROLE OF GENDER IN URBAN NOMINATION	134
Ишутова Е.Д. ПРОЯВЛЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ ГИБРИДИЗАЦИИ В ДЕЛОВОЙ КОММУНИКАЦИИ	138

Капкенов М.С. ОСОБЕННОСТИ СОХРАНЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО АСПЕКТА ПРИ ПЕРЕВОДЕ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ НА ПРИМЕРЕ РОМАНА В. ВУЛФ «ОРЛАНДО»	142
Колодезникова-Матчигова Н.Н. ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ПОНЯТИЯ «СЧАСТЬЕ» В СОВРЕМЕННОМ КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ	146
Кудеринова А.Г. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ЛАНДШАФТА ПРИ ОПИСАНИИ ГОРОДСКОЙ ТОПОНИМИИ	148
Максат Д.Б., Бижкенова А.Е. ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ: ЖАНРОВО ТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ	152
Медетбекова Д., Научный руководитель Бижкенова А.Е. ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ ПРОЗВИЩ И КЛИЧЕК ИЗВЕСТНЫХ ЛЮДЕЙ	155
Мурат А.К. АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	159
Омельченко Е.М., Нуркенова С.С. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ КОНЦЕПТА «АМЕРИКАНСКАЯ МЕЧТА»	162
Оразалина М.С. ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ	167
Павлова Г.Г. ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ХАРАКТЕРИСТИКИ ПЕРСОНАЖЕЙ В РАССКАЗАХ ДЖЕЙМСА БОЛДУИНА «SONNY'S BLUES» И ТОНИ МОРРИСОН «THE BLUESTEYE»	169
Селезнева К.С., Жумашева А.Ш. АРХЕТИПЫ: ИЗ ПСИХОЛОГИИ В ЛИТЕРАТУРУ	173
Төрбаева Ш.М., Уланова Д.М. МЕДИАДИСКУРСЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	175
Темиргалиева Г. К., Научный руководитель Н. З. Жуманбекова ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ	178
Шалқарбек Ә., Қыдыкенова Д.А. АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІСІ	181

Үшінші бөлім

МЕТОДИКА МЕН ЛИНГВОДИДАКТЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫ

Adilkhan M.K., Zhambylkyzy M. ADVANTAGES AND DISADVANTAGES OF AI APPLICATION IN ENGLISH LANGUAGE LEARNING	185
Akzhigitova A.K., Zhambylkyzy M. ACTION RESEARCH IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE IN MULTI-LEVEL CLASSROOMS	188
Akmakhan N. ENHANCING TEACHERS' PROFICIENCY IN UTILIZING TECHNICAL FACILITIES: BAAMBOOZLE AND WORDWALL	192
Аренова Г.У., Кардыбаева М.С. АНАЛИЗ ВНЕДРЕНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА	196
Atajanova N.M. MODERN CHALLENGES IN LINGUISTICS: EXPLORING THE INTERSECTION OF LANGUAGE, PSYCHOLOGY, TECHNOLOGY AND SOCIETY	198
Архипова Л.Н., Архипов Л.А. ИЗУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ РИСОВАНИЕ	201

Архипова Л.А. ЗАПОМИНАНИЕ КИТАЙСКИХ ИЕРОГЛИФОВ С ПОМОЩЬЮ МНЕМОТЕХНИКИ	205
Аубакирова А.К. ЛИНГВОМЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА КАК ВТОРОГО ИНОСТРАННОГО	206
Ayasheva D.B. WEB 2.0 TECHNOLOGIES IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES	209
Базарбаева С.Д. ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА АУТЕНТТІ МАТЕРИАЛДЫ БЕЙІМДЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ	212
Baibatyrova K.A. "BEYOND LANGUAGE BARRIERS: EXPLORING THE IMPACT OF IELTS AND QAZTEST AS TOOLS FOR ASSESSING KNOWLEDGE IN MULTILINGUAL EDUCATIONAL ENVIRONMENTS"	216
Байзульдинова З.К. МОТИВАЦИЯ К ОВЛАДЕНИЮ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКОМ ПОСРЕДСТВОМ ЦИФРОВЫХ ИГР: ГЕЙМИФИКАЦИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ	220
Bakhi A.K. THE USE OF STEM IN EDUCATION FOR IMPROVING THE QUALITY OF TEACHING ENGLISH LANGUAGE AS A FL	225
Bekmukhambetova U.G. INDUCTIVE METHOD: UNLEASHING THE POWER OF OBSERVATION	227
Давыдова Е.М. ПРОСТРАНСТВО ВЗАИМОСВЯЗИ УЧЕБНОЙ И ВНЕУЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК УСЛОВИЕ ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ	230
Дарлова А.Н. ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ НАВЫКОВ АУДИРОВАНИЯ	234
Дерябин Б.В. ПРИНЦИПЫ АДАПТАЦИИ АУТЕНТИЧНЫХ МАТЕРИАЛОВ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ	238
Жакупбекова А.К. Scientific supervisor – G.K.Ismagulova THE USE OF INTERACTIVE TECHNOLOGIES FOR SECONDARY SCHOOLS IN TEACHING ENGLISH	242
Zhumanova A.E., Akhmetova G.S. USING GRAPHIC ORGANIZERS AS AN EFFECTIVE TOOL FOR TEACHING GRAMMAR AND VOCABULARY IN EFL CLASSES	243
Zhumagaliyeva B.A. MOBILE PODCASTS AND VIDEO CASTS FOR DEVELOPING SPEAKING AND LISTENING SKILLS OF A FOREIGN LANGUAGE	247
Іманова D.B. NAVIGATING THE LINGUISTIC SHIFT: A BRIEF REVIEW OF FOREIGN LANGUAGE EDUCATION IN KAZAKHSTAN	251
Капитонова Д.М., Архипова Л.А. РАЗРАБОТКА ЗАДАНИЙ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ ПО НЕЙРОМЕТОДИКЕ	256
Kabylzhanova B.K., Kenzhetayeva G.K. DEVELOPING EFL STUDENT'S WRITING SKILLS BASED ON STRUCTURAL APPROACH WITH THE USE OF ONLINE PLATFORMS	259
Kulakhmetova M.S., Nedostup E.A. APPLYING THE LINGUOCULTURAL APPROACH TO INSTRUCT LINGUOCULTURAL ASPECTS	264
Кульжисин Қ.Н., Кенжетәева Г.К. ПЕРСПЕКТИВЫ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ	268

Кульжин Қ.Н. МЕСТО ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ	272
Лукачевский А.Г. Научный руководитель Николаев А.И. СПОСОБЫ АВТОМАТИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ ГРАММАТИКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА	275
Malysheva A.D. THE DEVELOPMENT OF TEAMWORK COMPETENCE OF NON-LINGUISTIC SPECIALTIES STUDENTS	278
Махамбетиярова С.М., Ахметова Г.С. АҚЫЛ-ОЙ КАРТАСЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ	280
Мельникова В.Н., Ибраева Ж.К. DEVELOPMENT OF SEMANTIC READING SKILLS IN THE PROCESS OF FORMATION OF STUDENTS' READING LITERACY	285
Мекежанова А.Б., Карашашева Р. ГРАММАТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОРТА БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ	289
Nygmotova B.J., Mukhambetzhanova A.K. LISTENING AS A METHOD OF INCREASING STUDENTS' COMMUNICATIVE COMPETENCE IN ENGLISH LESSONS	292
Павлова С.Н. ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ-ПЕРЕВОДЧИКОВ ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В РЕСПУБЛИКЕ САХА (ЯКУТИЯ)	296
Паршукова М.Г. СОВРЕМЕННЫЕ ИНТЕРАКТИВНЫЕ СРЕДСТВА ОБУЧЕНИЯ ГРАММАТИКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА	299
Sadimova Zh.A., Kulakhmetova M.S. FORMATION OF ACADEMIC WRITING SKILLS IN HIGHER EDUCATION	302
Сагинбаева Д.С. ПРИНЦИПЫ СОЗДАНИЯ УПРАЖНЕНИЙ ДЛЯ УЗКОГО ЧТЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНОСТРАННОМУ	307
Sarsenbek G.O. THE EFFECTIVENESS OF E-TOOLS TO IMPROVE SELF-LEARNING OF THE ENGLISH LANGUAGE	310
Смаилова А.Ж. ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ В РАМКАХ ОБНОВЛЁННОГО СОДЕРЖАНИЯ	313
Tasbolatov O.T., Saurbayev R.Zh. WAYS OF TRANSMITTING VERBAL AGGRESSION IN MULTI-SYSTEM LANGUAGES IN POLITICAL DISCOURSE (ON THE EXAMPLE OF PRE-ELECTION DEBATES)	316
Turgunbayeva A.T. ARTIFICIAL INTELLIGENCE INFLUENCE ON ENGLISH TEACHING	320
Urasheva A.N., Utemgaliyeva N.A. MOBILE ASSISTED LANGUAGE LEARNING: CHARACTERISTICS, PEDAGOGICAL SHIFTS, AND RESEARCH INSIGHTS	323
Чалимбаева А.Д. DIRECTIONS OF HIGHER EDUCATION MODERNIZATION DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN	327
Шидердинова К.Б. ТЕХНОЛОГИИ АНАЛИЗА И РАСПОЗНОВАНИЯ РЕЧИ: КАК СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОМОГАЮТ УЛУЧШАТЬ ПРОИЗНОШЕНИЕ И ГОВОРЕНИЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА	331
Байманова Л.С., Шаймерденова Н.Ж. НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК В КОНТЕКСТЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ КАЗАХСТАНА	334
Эверстова Д.А., Горохова А.И. ОБУЧЕНИЕ ЛЕКСИКЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В ШКОЛЕ С ПОМОЩЬЮ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ОНЛАЙН-СЕРВИСА QUIZLET	340

- A) easy and fast
 B) there is no Kazakh equivalent
 B) fashionable from a modern point of view
 C) your own answer
 3. What Anglicism words do you know in five different areas?
 A) sport B) pop culture B) technique C) social network d) clothing

References

1. Maira Y. European Scientific Journal. // LANGUAGE MODERNIZATION IN KAZAKH: TERMINOLOGY ISSUES. – 2014. – 2. – 1857-7881. P. 69-72.
2. Nabidullin A.S., Ordabaev Ch.K. International Journal of Humanities and Natural Sciences.// THE ROLE OF GLOBALIZATION AND ANGLOIFICATION OF WORLD CULTURE ON THE APPEARANCE OF BORROWINGS OF THE ENGLISH LANGUAGE IN THE SPEECH OF MODERN YOUTH. – 2021. – P. 104-108.
3. Слепцова Е.В. Заимствования, их роль и место в системе современного немецкого языка // Иностранные языки в школе. – М., 2009. – С. 45-47.
4. Ваулина Е.Ю. Давайте говорить правильно!: Новейшие и наиболее распространенные заимствования в современном русском языке / Е.Ю. Ваулина, Г.Н. Складневская. – М., 2005. – С. 86-88.
5. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – 289 с.
6. Ханазаров К. Х. К проблеме философии языка. – Ташкент: Узбекистан, 2007. – 133 с.
7. Брейтер М.А. Англицизмы в русском языке: история и перспективы. Пособие для иностранных студентов-русистов. – Владивосток: Диалог, 2012. – 156 с.
8. Abdalgane, Mohammed. English Language and Globalization. – 2020. – P. 5-11.
9. Heather M. The Globalization of English and the English Language Classroom, ELT Journal. – 2006. – 60. – 2. P. 204-206.
10. Мартин М. Словарь иностранных слов. – М., 2000. – 315 с.

ТРАНСЛИНГВИЗМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛДЕР

А.А. Абилкасымова

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Түйіндеме: Мақалада транслингвизм терминінің шығу тарихы мен оның жан-жақты зерттелуі, әсіресе лингвистикалық тұрғыдан қарастырылуы талқыланды. Транслингвизм шығармашылық процесс ретінде, оның тіл экологиясындағы рөлі сияқты негізгі терминге тікелей қатысты ұғымдар түсіндіріліп, оларға қатысты ғылыми зерттеулерге шолу жасалды. Сонымен қатар, транслингвизмнің күнделікті тәжірибеде қолданылуы сауалнама жауатары негізінде көрсетіліп, оларға талдау жүргізілді.

Аннотация: В статье обсуждалась история происхождения термина транслингвизм и его всестороннее изучение, особенно с лингвистической точки зрения. Транслингвизм как творческий процесс, объясняются понятия, непосредственно относящиеся к основному термину, такие как его роль в экологии языка, и дается обзор научных исследований, связанных с ними. Кроме того, применение транслингвизма в повседневной практике было продемонстрировано на основе опросника и был проведен его анализ.

Abstract: The article discussed the history of the origin of the term translanguaging and its comprehensive study, especially from a linguistic point of view. translanguaging as a creative process, concepts directly related to the main term, such as its role in the ecology of language, are explained and a review of scientific researches related to them are carried out. Furthermore, a study of survey responses was conducted to illustrate the practical use of translanguaging.

Түйін сөздер: транслингвизм, билингвизм, мультилингвизм, тіл экологиясы, транслингвизмдік тіл тәжірибесі.

Ключевые слова: транслингвизм, билингвизм, мультилингвизм, экология языка, транслингвистическая практика.

Key words: translanguaging, bilingualism, multilingualism, language ecology, translanguaging practice.

Кіріспе. «Транслингвизм» термині бастапқыда уэльстің trawsieithu сөзінен шыққан және білім беруде қос тілділікке инновациялық тәсілді дамытқан педагог Кен Уильямс енгізген [1]. Кейін бұл уэльс терминін Колин Бейкер өзінің «Екі тілді білім беру және екі тілділік негіздері» оқулығында транслингвизм деп аударды, онда ол бұл тәсілді «екі тілді қолдану арқылы мағына беру, тәжірибе қалыптастыру, түсінік пен білім алу процесі» деп анықтады [2]. Бұл бастапқыда педагогикалық практика болды: білім алушылардан әр түрлі мақсатта тілдерді ауыстыру сұралды. Рецептивті қолданыс үшін бір тіл, ал продуктивті қолданыс үшін басқа тіл

қызмет атқарды. Мысалы, білім алушылардан ағылшын тілін оқып, уэльс тілінде жазуды немесе бір тілде пікірталас жүргізіп, екінші тілде оқу сұралды [1]. Уильямс бұл тәжірибе оқытудағы билингвалды қабілеттерді барынша арттырады деп сендірді және мұндай мультилингвалды тәжірибенің артықшылықтарын көрсетуге тырысты [3].

Бұл термин алғаш рет білім беруде 1980 жылы қолданылған. Бұл қолдануды уэльс және ағылшын тілдерінің тарихи бөлінуіне реакция ретінде түсіну керек. Уэльс тілі жойылып кету алдында тұрғанда, ағылшын тілі басым және беделді тіл болды. Осылайша, уэльстегі лингвистикалық контекст қақтығыстармен және қысымшылықпен сипатталды. XX ғасырдың аяғында уэльс тілі қайта жанданды. Содан бері билингвизмнің артықшылығы ескеріле бастады. Балада немесе ересек адамда сауатты билингвизмнің оң беделі 1960 жылдардан кейін пайда болды. Бұл алдыңғы жылдары билингвизмнің ана тілінде сөйлейтіндердің ойларын шатастырады деген кең таралған пікірді жоққа шығарды. Бұл зерттеулер билингтердің монолингтермен салыстырғанда интеллект тұрғысынан қолайсыз емес екенін көрсетті. Керісінше, билингвизм көптеген танымдық пайда мен артықшылықтар береді [1].

«Транслингвизм» термині аддитивті билингвизм немесе өзара тәуелділік тұжырымдамасы түсініктерінен тереңірек қарастырылады. «Тіл білімі» термині тіл қарапайым код немесе ережелер жүйесі ретінде емес, ашық процесс арқылы өз тәжірибеміз бен білімімізбен бөлісетін құрал ретінде қызмет ететін лингвистикалық тәжірибені білдіреді [4]. Бұл термин әлеуметтік жаңалықтардың жемісі болып табылатын тілдік тәжірибені көрсетеді, өйткені біз өз білімімізді және сол арқылы әлемді қалай қабылдайтынымызды білдіреміз [5]. Бұл тіл нақты категорияларға бөлінбейді және нақты ажыратылған біртекті құбылыстарды қамтымайды деген идеяны көрсетеді [6]. Беккердің түсіндіруінше, транслингвизмді «билингвалды әлемдерді түсіну үшін билингтер қатысатын көптеген дискурсивті тәжірибелердің» жиынтығы ретінде анықтауға болады. Бұл екі тілде сөйлейтін билингтер үшін екі бөлек емес, бір лингвистикалық репертуар бар деген алғышартқа негізделген. Осы бірегей репертуардан олар тиімді қарым-қатынас жасау үшін стратегиялық функцияларды таңдай алады [4].

Гарсия (2014) «транс» префиксі 1940 жылдары кубалық антрополог Фернандо Орtiz енгізген *transculturación* (транскультурация) тұжырымдамасын білдіреді деп ұсынды. Трансмәдениет – бұл айырмашылықтарды бұзатын, кейіпкерлері динамикалық және үздіксіз қалыптасу мен трансформациялық желіде болатын өзіндік және тәуелсіз процесс [5].

Транс префиксінің көмегімен Ли Вэй [7] көптілді тәжірибелердің үш аспектісін анықтайды: трансжүйелік/құрылымдық/кеңістіктік, трансформациялық және трансдисциплинарлық. Біріншіден, трансжүйелік/құрылымдық/кеңістіктік өлшем транслингвизм лингвистикалық және тілдік емес жүйелер мен құрылымдар арасында және одан тыс жерлерде, соның ішінде қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін (мысалы, ауызша сөйлеу, жазу, жест-ишара) және әртүрлі контексттер мен кеңістіктерді ауыстыруды білдіреді. Ол бірнеше тілде сөйлейтіндердің өздері өмір сүретін әлемдегі әртүрлі контексттерді, құндылықтарды, сәйкестіктерді және қарым-қатынастарды түсіну үшін орындайтын лингвистикалық тәжірибелердің толық спектрін қамтиды. Екіншіден, транслингвизм табиғатынан трансформациялық болып табылады, өйткені ол бірнеше тілде сөйлейтіндердің лингвистикалық, когнитивті және әлеуметтік дағдыларын, олардың білімін, тәжірибесін және әлеуметтік әлем туралы түсініктерін біріктіреді. Осы көзқарастар мен құндылықтардың өзара әрекеттесуі бірнеше тілде сөйлейтін адам үшін жаңа сәйкестікті тудырады. Үшіншіден, пәнаралық өлшем транслингвизмнің ана тілінде сөйлейтіндердің креативтілігі мен сыни көзқарасы арқылы жүзеге асырылатын тілдік әрекеттерден тұратын көп құзыреттілікпен байланысты екенін көрсетеді; мультилингвалды тәжірибелер тек тілдік әрекеттерді ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтілігін, адамның танымы мен білімін, әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік құрылымдарды түсіну құралдарын қамтамасыз етеді [8].

Транслингвизм – шығармашылық процесс ретінде. К. Вaley мен М. Дуули (2019) бойынша, транслингвизм тілдік шығармашылықпен сипатталады. Ана тілінде сөйлейтіндер өз ресурстарын әртүрлі және ерекше тәсілдермен пайдалана алатындықтан, спонтанды тілдік

тәжірибелер шығармашылық болып табылады. Тілдік шығармашылықтың тиімділігі қолданбалы лингвистика мен көркемдік практикадағы пәнаралық тәсілдерді арттырды [8]. Тілдік шығармашылық транслингвизм тәжірибесінде толық лингвистикалық репертуарды қолданудың негізі болып табылады және қоғам мен саясат енгізген атаулы тілдердің шекараларға бөлінуін қолдамайды. Транслингвизм тәжірибесі L1 және L2 деп сөйлеушінің сөйлейтін тілдерін бір бірінен бөлмейді, бірақ ана тілінің белгілі бір лингвистикалық репертуарының ерекшеліктерін ескереді. Бұл ерекшеліктер тілдерге емес, билингтердің бірегей тілдік жүйесіне тән. Атаулы тілдер әлеуметтік тұрғыдан құрылған деп саналады. «Ағылшын», «испан», «араб», «қытай», «орыс» және т. б. сияқты терминдер әлеуметтік таңдалған категориялар. Олар нақты қоғамдарда бар, бірақ ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік жүйесіне сәйкес келуі міндетті емес. Ол әлеуметтік өзара әрекеттесу процесінде дамиды және байланыс процесінде орындалатын нақты тілдік тәжірибелерді көрсетеді [3]. Бұл концепция екі түрлі көзқарасқа сәйкес келеді: бірі – сыртқы әлеуметтік көзқарас, оның негізінде әртүрлі атаулары бар тілдер ұлттық мемлекетке жатқызылған стандартталған конвенциялар ретінде өмір сүреді деген идеяға негізделген; екіншісі – сөйлеушінің ішкі көзқарасы, онда тіл «барлық билингтер әрқашан қолданатын әлемнің, мәдени тәжірибелердің, сөздердің және лингвистикалық тәжірибелердің тоғысуын бейнелейтін біртұтас мағыналық жүйені білдіреді» [9].

Транслингвизмдегі тіл экологиясы. Тіл экологиясы тұжырымдамасы көбінесе транслингвизм тәжірибесімен байланысты. Тілдегі экологиялық көзқарас осыған дейін қалыптасқан көзқарасты жаңасымен бірге қарастырады. Ван Льердің айтуынша, экологиялық тәсіл жаңа тілдердің және бұрыннан бар тілдердің дамуын қарастырады. Тіл экологиясын зерттеу дегеніміз – тіл иерархиялары мен гегемонияларын (басқаруды) құру, оны бейнелеу үшін қолданылатын нақты әлеуметтік-саяси жағдайлардағы әртүрлілікті зерттеу [10]. Сонымен қатар, тілге экологиялық көзқарас – бұл дамып келе жатқан тілдік тәжірибелерді, бұрынғы тілдік тәжірибелерді енгізу немесе қайта құру, мәдени жадыны жаңғырту және әлеуметтік сәйкестіктерді қарастыруға мүмкіндік береді [11].

Ван Льер (2004) тілді үйренуге экологиялық көзқарасты және күрделі тілдік транслингвизм тәжірибелерінде де танылуы мүмкін ерекшеліктерді сипаттайды. Экологиялық көзқараста ескеру қажет нәрсе – өзгергіштік пен әртүрлілік. Өзгергіштік білім алушылардың оқуына әсер ететін айырмашылықтар бар екенін көрсетеді және оларды ескеру қажет. Әртүрлілік әртүрлі білім алушылар мен мұғалімдердің өзгергіштігі құндылық екенін түсінуді көрсетеді.

Тіл экологиясы транслингвизм сипаттайтын және әлеуметтік субъектілерге мультилингвалды жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін көптеген коммуникативті құзыреттерді ескереді. Әңгімелесушілер әртүрлі лингвистикалық кодтарды қолданғанымен, олар осы кодтармен байланысты кеңістіктік және уақыттық резонанстармен де сипатталады. Бұл құзыреттілік «символдық құзыреттілік» деп аталады. Бұл анықтама өздеріне бөтен тілді иемденіп қана қоймай, сол тілді үйреніп, қолданылатын контекстті қалыптастыру қабілетін білдіреді [11].

Транслингвизм күнделікті тәжірибеде. Транслингвизмнің мультилингвтің күнделікті өмірінде алатын рөлі мен маңыздылығын анықтау мақсатында мини-сауалнама жүргізген болатынбыз. Бұл интервьюге қатысушылар мектеп жасындағы оқушылар, олардың әрқайсысы шет елде бірнеше жыл өмір сүрген келген. Яғни, мультилингвалды ортада тұрып, оны тәжірибеде қолданған балалар. Қазір олардың барлығы елге оралған, дегенмен, сол қабілет пен тәжірибе олардың тілдік тәжірибесінде сақталып қалған. Сондықтан олар күнделікті қарым-қатынас жасағанда, мектепте, отбасында тілдерді өзара бөлмей, реті келгеніне қарай, өздеріне ыңғайлы тілді қолдануды жөн көреді. Қатысушылар саны – 5, бірақ олардың әрқайсысының шет елде тұру ұзақтығы мен елге оралған уақыттары әр түрлі. Бұл қатысушылардың барлығы қазақ отбасының балалары әрі олардың барлығы да Қазақстанда дүниеге келген. Әр қатысушыдан сауалнама барысында келесі сұрақтарға жауап алу мақсат етілді:

1. Сіз отбасында қандай тілді немесе тілдерді қолданасыз?

2. Кешке отбасыңызбен бірге отырғанда тек бір ғана тілді қолдану мүмкін бе?
3. Сөйлеу барысында ағылшын немесе орыс тіліндегі сөздер өз пікіріңізді түсіндіруге/жеткізуге көмектесе ме?

4. Сөйлеуде әртүрлі тілдерді немесе шет тілі сөздерін араластырасыз ба?

5. Сізге қай тілді қолданған ыңғайлырақ?

Берілген сұрақтарға қатысушылардың жауаптары төменде берілген:

№1 қатысушы (8 жас):

1. Usually English. My mum does speak in Kazakh, also in English. Sometimes Kazakh.

2. Yes, it's possible. But sometimes I don't understand some words in Kazakh, so I prefer English.

3. While I am speaking Kazakh I can skip to English, because they can't understand me.

4. I do it if they don't understand. I can mix some languages.

5. In my school English. When I go to restaurant... anyone speaks Kazakh. But for me English is more comfortable.

Мұндағы қатысушы шет елге 1 жасында көшіп кетіп, сонда 7 жыл тұрған. Ал Қазақстанға келгеніне 4 ай ғана уақыт өткен. Сондықтан, сауалнама сұрақтарының барлығына ағылшын тілінде жауап берді. Дегенмен, ана тілін қайта үйрену үшін қазақша сөйлеуге талпынатынын, кейде түсіндіре алмай жатса, ағылшын тілін араластырып қолданатынын айтты.

№2 қатысушы (12 жас):

1. Ағылшын және қазақ.

2. Yes, it's possible. We usually use English.

3. Yes, sometimes when I don't know the word in Kazakh, I use English words. While I am speaking Kazakh I can skip to English, because they can't understand.

4. I do it if they don't understand. I can mix some languages.

5. I guess English, but usually I try to use Kazakh. Right now it is not possible not to use English words. I need to increase my Kazakh vocabulary.

Сауалнамаға келесі қатысушы да шет елде 7 жыл тұрған. Оның елде тұрып жатқанына 5 ай болған. Бұл қатысушы сауалнама сұрақтарына қазақша жауап беріп бастағанымен, қазақ тілінен қарағанда ағылшын тілінде жауап беру қолайлырақ болған соң, қалған сұрақтарға ағылшынша жауап берді. Бірақ ол қазақ тілін үйрену үстінде екенін және кейде сөздік қоры жетпей жатқанда, ойын жеткізе алмағанда ағылшын сөздерін қолданатынын жеткізді. Бұл – транслингвизмнің оның өміріндегі рөлінің айқын мысалы.

№3 қатысушы (11 жас):

1. Қазақша да, орысша да, ағылшынша да сөйлей береміз.

2. Жоқ. Орысша да, қазақша да, ағылшынша да сөйлей береміз. Барлығымыз бір бірімізді түсінеміз.

3. Иә. Қолданамын. Қазақша бір сөзді ұмытып қалған кезде ағылшын немесе орыс сөздерін қолданамын.

4. Иә. Бәрі сөйтеді ғой. Қазақша, орысша, ағылшынша. *На автомате* айтып қаламыз ғой. Кейбір сөздер басқа тілдің сөзі емес, қазақ тілінің сөзі сияқты болып кеткен ғой. Ұмытып қаламыз біз. Мысалы, *уже* деген сөздің қазақшасы жоқ сияқты болып көрінеді де, біз қазақша сөйлеп тұрып, соны қолдана береміз.

5. Қазақша әрине. Бірақ, мен қазақша түсіндіре алмай қалған жерімді орысша немесе ағылшынша айтып кетемін.

Үшінші қатысушы өз жауаптарын қазақ тілінде берді. Мұны оның елге оралғанына 3 жыл уақыт өтуімен түсіндіруімізге болады. Негізінде бұл қатысушы да шет елде отбасымен 5 жыл тұрған. Ал қазақ тілді ортаға оралғанына біршама уақыт өтуіне байланысты оның қарым-қатынас тілі қазақ тілі екенін байқадық. Дегенмен, жауаптарында өзі айтқандай, қазақ тілінде ойын жеткізе алмайтын жағдайларда отбасы мүшелерімен, достарымен сөйлесу барысында ол орыс/ағылшын сөздерін еркін қолдана береді. Яғни, араластың ортасы оны түсінетіндіктен, ол өз ойында қолданыстағы тілдерін қандай да бір шекараларға бөлмейді.

№4 қатысушы (12 жас):

1. Қазақша негізі.
2. Иә.

3. Иә, қолданамын. Арасында қазақшасын ұмытып қалған кезде араластырып сөйлей береміз. Мысалы, мен интернеттен ағылшынша мақала оқысам, ондағы қазақшасын білмейтін ғылыми термин сөздерді қазақшаға аудармай, ағылшын тілінде айта беремін. Мысалы, жасанды интеллект **artificial intelligent AI** дегенді бірден ағылшынша айта беремін.

4. Иә.

5. Қазақ тілі және ағылшын тілі мен үшін ыңғайлы. Ініммен сөйлескенде өзімнің байқағаным, көбіне ағылшын тілін көбірек қолданатын сияқтымын.

Келесі қатысушы 5 жыл шет елде тұрған, Қазақстанда тұрып жатқанына 5 жыл болған. Барлық сұрақтарға қазақ тілінде жауап бергенімен, ойлау процесінде, ғаламтор желісінен қандай да бір ақпарат іздегенде өзіне ағылшын тілі қолайлы екенін атап өтті. Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік мультилинг болғандықтан, кей кездері әр түрлі тілдердің аралас қолданылуы қалыпты жағдай екенін байқадық.

№5 қатысушы (11 жас):

1. Барлығымен негізі қазақша сөйлесеміз.

2. Қазақ тілі мен ағылшын тілін араластырамыз. Кейде қазақша сөз тіліміздің бұрышында тұрса, бірақ айта алмай тұрсақ, ағылшынша қосып жібереміз. Мысалы, тез тез бірнәрсе болып жатыр *и* ол қазір болмай қалатын болса, **look at the терезе** деген сияқты болады.

3. Иә, өйткені қазақ тілінде, орыс тілінде білмейтін сөздер болса, ағылшынша сөйлей салған оңай.

4. Иә.

5. Қазақша. Бірақ **bilingual** болғанда, тілдердің араласуы **natural habit**. *Натуральный* зат. *Просто* ол бір тілде аузыңа сол сөз келмей жатса, басқа тілде ол сөз өзімен-өзі шығып кеткен сияқты болады. Өзінді тоқтату қиын да ол сөзді айтпауға. Содан **urge** шығады да, айтып кетесің.

Бұл қатысушы да 5 жыл шет елде тұрған, ал елде тұрып жатқанына 5 жыл болған. Сауалнама барысында негізінен қазақ тілінде жауап бергеніне қарамастан, транслингвизмнің анық мысалдарын көрдік. Себебі, бұл қатысушының жауаптарынан ол көбіне ағылшын тілін қолданатыны, әрі ол қатысушы үшін ыңғайлы екенін түсіндік. Дегенмен, күнделікті өмірде қазақ тілі оның қарым-қатынас тілі болғандықтан, ол қазақша сөйлеу барысында ағылшын/орыс тіліндегі сөздерді еркін қолдана беретінін айтты.

Мұндағы қатысушылардың жауаптарынан транслингвизмнің олардың күнделікті өмірде орын алуын анық көруімізге болады. Кейбір қатысушылардың жауаптары толықтай бір тілде берілгенімен (1,2), яғни демонстративті түрде анық көрінбегенімен, жауаптардан байқайтынымыз олар қандай да бір тілді қолдану барысында, оларды еркін араластырып, бірнеше тілдер арасында шекара қоймайды. Әрі бұл қабілет олардың күнделікті өмірлерінде қалыпты жағдайға жеткен. Дегенмен, кейбір жауаптардан транслингвизмнің айқын мысалдарын да көре аламыз (3,4,5). Бұл қатысушылардың елге оралғандарына әр түрлі уақыт өткен, дегенмен, оларда мультилингвалды қабілет толықтай қалыптасып, әсіресе қазақ және ағылшын тілдерін тәжірибеде еріксіз қолданатындарын байқаймыз. Олар транслингвизмді сөйлесуші адамға байланыссыз, яғни отбасы мүшелерімен, достарымен араласу үшін, тіпті ғаламтор желісінде ақпарат іздеу барысында да қолданады. Транслингвизм алғашында педагогикада бір тілді рецептивті, ал екінші тілді продуктивті түрде қолданғанын еске алсақ, біздің сауалнамаға қатысушылар арасында да осы үдерісті көреміз. Бірақ, мұнда ол күнделікті қарым-қатынас құралы, ақпаратты қабылдау үшін көмекші ретінде қызмет атқарады. Яғни, осы тұрғыдан біз өз тарапымыздан транслингвизм тек қана педагогикалық әдіс қана емес, сонымен қатар лингвистикалық тәжірибе, әрі ол мультилингтердің күнделікті қолданысында кеңінен таралған деген қорытындыға келеміз.

Қорытынды. Сонымен, жұмыс барысында транслингвизм ұғымының шығу тарихы мен зерттелуіне жан-жақты ғылыми шолу жасалды. Транслингвизм шығармашылық процесс ретінде қарастырылып, ана тілінде сөйлейтіндер өз ресурстарын әртүрлі және ерекше тәсілдермен пайдалана алатындықтан, спонтанды тілдік тәжірибелер шығармашылық ретінде қарастырылды. Ван Льердің айтуынша, транслингвизмдегі тіл экологиясы жаңа тілдердің және бұрыннан бар тілдердің дамуын қарастырады. Сонымен қатар, мақалада транслингвизмді тәжірибе барысында анықтау үшін сауалнама жүргізіліп, оның жауаптары талқыланды.

Қорытындылай келе, транслингвизм және оның тәжірибеде қолданылуы билингвалды және мультилингвалды қоғамда кең тараған. Транслингвизм бүгінгі тіл білімінде өз актуалдылығына ие және зерттеушілердің фокус тобында. Дегенмен, ол шет елдік ғылыми жұмыстарда кең тарағанымен, отандық зерттеулерде әлі де жан-жақты, әсіресе лингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Lewis, Gwyn, Bryn Jones & Colin Baker. 2012. Translanguaging: origins and development from school to street and beyond. *Educational Research and Evaluation: An International Journal on Theory and Practice*. 1-14. https://atdle.org/wp-content/uploads/2018/07/translanguaging-origins_g.lewis2012.pdf
2. Baker, Colin. 2011. *Foundations of Bilingual Education and Bilingualism*. Bristol, New York, Ontario: Multilingual Matters.
3. Li Wei. 2016. *Translanguaging as a Theory of Language. Language and Culture*. Oxford: Oxford University Press. 45-48pp.
4. García, Ofelia & Kleyn, Tatyana (eds.). 2016. *Translanguaging with Multilingual Students. Learning from Classroom Moments*. New York: Routledge.
5. García, Ofelia & Leiva, Camila. 2014. Theorizing and Enacting Translanguaging for Social Justice. In Adrian Blackledge & Angela Creese (eds.), *Heteroglossia as Practice and Pedagogy*, 199-216. Dordrecht: Springer. <https://ofeliagarcia.org.files.wordpress.com/2011/02/heteroglossia-chpt.pdf>
6. Makoni, Sinfree B. 2012. A critique of language, languaging and supervernacular. *Muitas Vozes, Ponta Grossa*, vol. 1 (2). 189-199.
7. Li, Wei & Zhu, Hua. 2013. Translanguaging identities and ideologies: creating transnational space through flexible multilingual practices amongst Chinese university students in the UK. *Applied Linguistics* 34 (5). 516-535.
8. Vallejo, Claudia & Dooly, Melinda. 2019. Plurilingualism and translanguaging: emergent approaches and shared concerns. Introduction to the special issue. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*. 1-16.
9. Ofelia García. 2017. "Translanguaging: the Multilingualism & Diversity Lectures. In Marilyn Martin-Jones, Adrian Blackledge & Angela Creese (eds.), *The Routledge handbook of multilingualism*, 232-246. New York: Taylor and Francis.
10. Creese, Angela & Blackledge, Adrian. 2010. Translanguaging in the Bilingual Classroom: a Pedagogy for Learning and Teaching? *The Modern Language Journal* 94, i. 103-115.
11. Kramsch, Claire & Whiteside, Anne. 2008. Language Ecology in Multilingual Settings. Towards a Theory of Symbolic Competence. *Applied Linguistics* 29/4. 645-671. https://www.researchgate.net/publication/249238160_Language_Ecology_in_Multilingual_Settings_Towards_a_Theory_of_Symbolic_Competence

ОСОБЕННОСТИ ОНОМАТОПОЭТИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ КОРЕЙСКОГО ЯЗЫКА (НА МАТЕРИАЛЕ ВЕБТУНА)

М.Н. Афонская

Северо-Восточный федеральный университет им. М.К. Аммосова

Научный руководитель: Егорова К.Г. старший преподаватель Институт зарубежной филологии и регионоведения

Аннотация: В данной научной статье рассматривается проблема, с которой сталкиваются иностранные читатели корейских комиксов «вебтун» при котором происходят недопонимания звукоподражательной и образноподражательной лексем. Также приводится анализ особенностей оноματοпоэтической лексики, на примере вебтуна «Специкола «Зеленое яблоко конца столетия»» автора Soop Kki.

Ключевые слова: корейский язык, корейская оноματοпея, звукоподражательные слова, образноподражательные слова, вебтун.